

**IV шақырылған Қарағанды қалалық мәслихатының 2009 жылғы 23 желтоқсандағы XXVIII сессиясының "Күндізгі оқу нысанында оқитын оқушылардың қала ішіндегі қоғамдық көлікте (таксиден басқа) жеңілдікпен жол жүруі туралы" N 301 шешіміне өзгерту мен толықтыру енгізу туралы**

### ***Күшін жойған***

Қарағанды қалалық мәслихатының IV шақырылған XLIII сессиясының 2010 жылғы 23 желтоқсандағы N 441 шешімі. Қарағанды қаласының Әділет басқармасында 2010 жылғы 27 желтоқсанда N 8-1-123 тіркелді. Күші жойылды - Қарағанды қалалық мәслихатының IV шақырылған XLVIII сессиясының 2011 жылғы 11 мамырдағы N 496 шешімімен

*Ескерту. Күші жойылды - Қарағанды қалалық мәслихатының IV шақырылған XLVIII сессиясының 2011.05.11 N 496 шешімімен (ресми жарияланғаннан күнінен кейін 2011.07.01 бастап қолданылады).*

Қазақстан Республикасының 2007 жылғы 27 шілдедегі "Білім туралы" Заңының 6 бабының 1 тармағының 2 тармақшасына, Қазақстан Республикасының 2004 жылғы 7 шілдедегі "Қазақстан Республикасындағы мемлекеттік жастар саясаты туралы" Заңының 6 бабының 4 тармақшасына сәйкес Қарағанды қалалық мәслихаты **ШЕШІМ ЕТТІ:**

1. IV шақырылған Қарағанды қалалық мәслихатының 2009 жылғы 23 желтоқсандағы XXVIII сессиясының "Күндізгі оқу нысанында оқитын оқушылардың қала ішіндегі қоғамдық көлікте (таксиден басқа) жеңілдікпен жол жүруі туралы" N 301 шешіміне (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде N 8-1-107 болып тіркелген, 2009 жылғы 30 желтоқсандағы N 140 (604) "Взгляд на события" газетінде жарияланған) өзгерту мен толықтыру е н г і з і л с і н :

1) 1 тармақтағы "2010 жылға" сөздерінен кейін "және 2011 жылғы бірінші тоқсанына" сөздерімен толықтырылсын;

2) 3 тармақ алынып тасталсын.

2. Осы шешімнің орындалуын бақылау еңбек, әлеуметтік саланы дамыту және тұрғындарды әлеуметтік қорғау мәселелері жөніндегі тұрақты комиссияға ( төрағасы Асхат Қанатұлы Аймағамбетов) жүктелсін.

3. Осы шешім алғаш ресми жарияланған күннен кейін он күнтізбелік күн өткен соң қолданысқа енгізіледі және 2011 жылғы 1 қаңтардан бастап пайда болған қатынастарға қолданылады.

*IV шақырылған Қарағанды  
қалалық мәслихатының кезекті  
XLIII сессия төрағасы Ш. Осин  
Қарағанды қалалық  
мәслихатының хатшысы Қ. Бексұлтанов*  
Келісілді:

*"Қарағанды қаласының білім бөлімі"  
мемлекеттік мекемесінің бастығы Д. Жекебаев*  
23.12.2010 ж.